

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Павлодар қалалық әкімиятының 2003 жылғы 26 ақпандағы N 121/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 25 наурызда N 1694 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 563/10 қаулысымен.

Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 563/10 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңын және "Халықты жұмыспен қамту туралы" N 149-ІІ Заңын іске асыру мақсатында Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру қағидасы бекітілсін (одан әрі - Қағида).

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің аумақтық органында оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін екі жұма ішінде ресми жариялады жүргізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар қаласы әкімінің орынбасары Қ.Т.Сатабаевқа жүктелсін.

П а в л о д а р

қаласының әкімі

Павлодар қаласы әкімдігінің
2003 жылғы 26 ақпандағы
N 121/7 қаулысымен

Б Е К І Т І Л Г Е Н

"Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру мен қаржыландыру
туралы"

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды және қаржыландыруды белгілейді, әлеуметтік жұмыс орындарын беретін ұйымдармен (меншік түрінен есеп айырысу, негізгі шарттары мен жүйесін реттейді.

2. Осы қағидаларда пайдаланылған негізгі түсініктер:

1) әлеуметтік жұмыс орны жұмыссыз азаматтарға еңбекпен қамтудың уәкілетті органдарында тіркелген жұмыс беретін адамдар, еңбекақысын жергілікті бюджет есебінен жартылай өтеу арқылы жұмыс орны саналады.

2) мақсаттық топтар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты еңбекпен қамту туралы" N 149-ІІ Заңымен белгіленген адамдар тобы.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған азаматтарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамту және сақтандыру заңнама актілері т а р а т ы л а д ы .

4. Әлеуметтік жұмыс орындарына жолдаманы Павлодар қаласының жұмыспен қамту басқармасы жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмыссыздарды оған жұмысқа орналастыру тәртібі

5. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздар үшін жергілікті бюджет қаражаты және жұмыс беруші қаражаты есебінен ортақ қаржыландыру бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар арқылы беріледі және құрылады.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыз азаматтардың еңбек жағдайлары ұжым мен ұйымдар басшыларымен жасалған жеке еңбек шартында б е к і т і л е д і .

7. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмыссыздарды жіберу олардың келісімімен жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен жүргізіледі .

8. әлеуметтік жұмыс орындарына көбінесе нысаналы топтарға кіретін жұмыссыз азаматтар жіберіледі.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың шарты мен көзі

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көзі: жұмыс берушілердің және жергілікті бюджеттің қаражаты.

10. Әлеуметтік жұмыс орындары қаржыландыру еңбекпен қамту бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаржысынан жүзеге асырылады.

11. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыз азаматтардың еңбек ақылары, заңнама бойынша бекітілген пайызда әлеуметтік салық салуы, демалыстың пайдаланбаған күндері өтемі жергілікті бюджет

қаражатынан төленеді. Жергілікті бюджет қаражатынан төленетін еңбекақы бекітілген ақының 50 пайызын құрады, бірақ Қазақстан Республикасында бекітілген ең аз еңбекақыдан аспайды. Бюджет қаражаты жұмыс берушілердің есеп айырысу шотына жіберіледі.

12. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбек ақысына өтемақы бөліп төлеуге қызмет көрсету бойынша шартты жұмыс берушілермен жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін бақылау

13. Осы Қағиданың сақталуын бақылау белгіленген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік органмен жүзеге асырылады.